

## **Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округінің Лесное ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 2 тамыздағы № 8 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 тамызда № 8009 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 20 маусымдағы қорытындысы негізінде, Қоржынкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округінің Лесное ауылында қайта аталсын: Ленин көшесі Абай көшесіне.
2. "Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:
  - 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
  - 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қоржынкөл  
ауылдық округінің әкімі*

*А. Уристимбаев*